

РАНОРАМА: ДҮНИЕЖҮЗІ ТАРИХЫ, I

Сун династиясы дәуіріндегі
Шығыс Азия





Сун дәуіріндегі шығыс азиялық қуатты мемлекет

Көптеген әлемдік тарихшылар Сун династиясы дәуіріндегі Қытайдың экономикалық өрлеу Афроуразиядағы үлкен коммерциялық және мәдени өзгерістерге әкелді деп келіседі. Қытайдың оңтүстігіндегі күріш өсірумен айналысатын бұл аймақ, азық-түлік өндірісінің кеңеюі мен техникалық жаңарту, урбанизация, халық өсімі, сондай-ақ, ішкі және сыртқы сауданың жеделдетілуін қамтыды. Жаңа мыңжылдықтың басында трансшегаралық алмасу жүйесі Қытайдың дамуымен одан әрі қарқындалды.

Қытай гүлденуінің элементтері

Кітап авторларының мәліметтері бойынша, Қытайдағы экономикалық және демографиялық өсім Суй және Тан әулеттері VI және VII ғасырларда солтүстік пен оңтүстікті біріктірген кезде байыпты түрде дамыды. Бұл өсім 907 ж. кейін, Тан режимі құлап және Қытай бірнеше бәсекелес аймақтық мемлекеттерді жаулауға кіріскенде де жалғасты. Кейіннен 960 ж. бастап солтүстік монархиядан шыққан әскери командир Чжао Куангюнь солтүстіктің басым бөлігінде күш жинап, оңтүстікті басып алып, Сун династиясын (960–1127) құрды. Чжао өз астанасын Сары өзеннен алыс емес жерде орналасқан Кайфын қаласында құрды.

Сун үкіметі Қытайдың өркендеуі үшін салық салу арқасында үлкен байлық жинаса да, Тан әулеті сияқты империялық шегараны ішкі Еуразия даласына қарай терең ығыстырмады. Шындығында, ол шегаралар бойында жаңа күшті мемлекеттерге тап болды. Мысалы, Қидан деп аталатын фермерлер мен пасторлық көшпенділер Моңғолия мен Манжурия жайлаулары мен ормандарында созылған Ляо мемлекетін (916–1125) құрды. Сун үкіметі бұрынғы әулеттер сияқты жібек пен күміс жүктерін жыл сайын жіберіп, ондаған жылдар бойы Ляо және басқа ішкі Еуразия патшалықтарымен айтарлықтай тыныштықты сатып алып отырды.

Үшінші солтүстік патшалық Сун әулетіне әлдеқайда қауіпті болып шықты. 1115 жылдан бастап Манжурия ормандарын қоныстаған Шүршіттер Ляо мемлекетін жойып, Цзинь әулетін жариялады (1115–1234). Шүршіттер малшылыққа қарағанда фермерлік пен аңшылықпен көбірек айналысса да, ат шеберлері болды.

1127 жылы олар Сары өзен аңғарынан шығып, солтүстік Қытайға аралады. Олар Сун әулетін Кайфын астанасынан шығарып, шамамен қырық миллион қытайлықты билікке көтерді. Бұл уақытта, Сун басқарушы элитасы оңтүстікке қашып, Янцзы аңғарында сәтті қайта топтасып, Ханчжоуда астанасын құрады.

Кейінірек Сун немесе Оңтүстік Сун әулеті (1127–1276) империя емес, үлкен аймақтық мемлекетке айналды. Солтүстік және оңтүстік Қытай арасындағы жаңа саяси текетіреске қарамастан, Цзинь мен Сун әулеттері қарқынды дамыды. Цзинь Сары өзені алқабындағы үлкен фермерлік алқаптан салық жинап, бейбітшілікке айырбас ретінде Сун әулетінен жыл сайынғы төлемдерді алып тұрды.

Солтүстіктің ауылшаруашылық кірістерінің біршама мөлшерінен кем қалған Сун әулеті, өз кезегінде, Янцзы алқабында өнімді кеңейту үшін фермерлерді оңтүстікке қарай ығысуға ынталандырды. Үндістан мен Оңтүстік-Шығыс Азиядан батысқа қарай Жерорта теңізіне дейін тараған кейбір дақылдар Қытайға да таралды.

Бұл мақта, қант қамысы және ең бастысы, жылдам пісетін, құрғақшылыққа төзімді күріш. Вьетнамнан X ғасырда келген жаңа күріш сорттары тек дымқыл ойпаттарда ғана емес, сонымен қатар, биіктер мен салыстырмалы құрғақ климатта да жақсы жеміс әкелді. Фермерлер жылына екі немесе тіпті үш өнім алуы мүмкін еді.

Демек, оңтүстік күріш өндірісі өсті. Кейбір ғалымдар Солтүстік Атлантикалық жылу кезеңі, шамамен 800-ден 1300-ге дейін созылған Солтүстік жартышардың температурасының шамалы өсуі Қытайда үлкен және тұрақты тамақ өнімдерін өндіруіне ықпал етті. Зерттеушілер оңтүстік өңірлерде IX және XI ғасырлар арасында Сун әулетінің экономикалық өсімін жоғары орташа температурамен байланыстырды. Сондай-ақ, солтүстік Қытайдағы фермерлер мен малшылардың ерте немесе кеш кезеңдердегіден гөрі құрғақшылық, су тасқыны және шегірткелердің азайғандығы туралы деректер де бар.



Базарлар, ақша және арналар

Таңғажайып капиталистік көзқарасты көрсете отырып, Сун экономикалық реформаторлары мемлекет жекеменшік нарықтық қызметті қолдап, салықтық сауданы негізгі табыс көзі ретінде қарастыру керек деп санады. Дәстүрлі Конфуцийлік экономикалық идеология саудасаттықты ештеңені өндімегендіктен оны төменгі санаттағы кәсіп деп қарастырды.

Шаруалар өз еңбегімен жерден өнім шығарушы сенімді салық төлеушілер ретінде қарастырылды. Сонымен қатар, Сун саясаткерлері жергілікті экономиканың өсуін үдету мақсатында, фермерлер дақылдар, тоқыма және қолөнер бұйымдарын қосымша ақшаға сатуды ынталандырды. Бұл реформаторлар үкіметі ауылдық ерлер мен әйелдерді дақылдар немесе басқа да өнімдермен емес, салықты ақшамен төлеуге мәжбүр етті. Ақшаны табу үшін, шаруалар сауда жасауға жүгінді. Қола монеталар ғасырлар бойы Қытай экономикасын үдетіп, жеке тұлғалар, отбасылар мен жеке серіктестіктер кәсіппен айналысып, ақшаның маңыздылығын арттырды.

Үкімет миллиардтаған қола және темір монеталарды өндіріп, XI ғасырдың соңына қарай қағаз ақша шығаруға рұқсат берді. Қытайдағы қағаз өнеркәсібі және полиграфия салалары көп мөлшерде ақша шығаруға жеткілікті түрде жетілдірілді. Ақырында, үкімет бұл қағаз ақша құндылығын күміс қорымен қамтамасыз етті.

Қола және қағаз ақша

Қытайдың Сун дәуіріндегі гүлденген экономикасында екі қола монета секілді валютаға деген қажеттілік аса жоғары болды. Жүз миллиондап, ақырында миллиардтаған монеталар жыл сайын соғылып жатты. Монеталармен алыс-берісті жеңілдету мақсатында үкімет XI ғасырдан қағаз банкноттар шығара бастады. Мұнда көрсетілген жазба монета салмағының нақты санын көрсетіп тұр.

Сонымен қатар коммерцияны дамыту үшін, Сун әулеті әлемдегі ең ұзын өзен Қытай каналдары желісін одан әрі 30 мың мильден астамға дейін ұзартып, кеме жүзетін су жолдарына айналдырды. Сары және Янцзы алқабын байланыстыратын солтүстік-оңтүстік Гранд каналы астық, темір, мыс, керамика және мыңдаған басқа тауарларды тасымалдады. Тар арналар, өзендер мен суару каналдары бойынша фермерлер мен саудагерлер жергілікті нарықтарға ауылшаруашылық дақылдарын кіші қайықтармен жеткізсе керек.

Авторлардың баяндауынша, жергілікті нарықтар мен жәрмеңкелер Сун кезеңінде одан әрі көбейді. Бұл жиналыстар әдетте «ғибадатханалық базарлар» деп аталды. Себебі жергілікті тұрғындар буддистерге немесе басқа қасиетті фестивальдарға байланысты жиналған. Сатушылар жиналған қауымға тек шырақтар мен басқа да діни заттарды ғана емес, сонымен қатар, коммерциялық тауарларды да ұсынды.

Коммерцияландыру жаңа экономикалық дағдыларға әкелді. Миллиондаған фермерлер күріш пен мақтаны ғана емес, шараптық жүзім, қант қамысы, шай, мандариндер мен майлы тұқымдар сияқты жаңа дақылдарды да өндіре бастады. Ауылдық отбасылар жібек жіп пен матаны, себеттерді, қағазды және үй көмірін жасаған. Ауылдық жерлерде азық-түлік өндірісінің орнауы қалалар өнеркәсіппен саудамен толық уақытын жұмсайтын адамдарға қолдау көрсете алатындығын білдірді. Арнайы қолөнершілердің ең жақсы клиенттері – жер иелері, саудагерлер және жоғары шенеуніктер жібек, лакталған жиһаз, қола мүсіндерімен нәзік ақ фарфорға ақша жұмсады.

Металдарды пайдалану мүмкін болатын жерлерде жекеменшік тау-кен өндірісі дамыды. Сун және кейінірек Цзинь әулеттері уақытында, Кайфын айналасындағы көп мөлшерде шоғырланған әлемде теңдесі жоқ пештер IX ғасырға дейін, темір және болатты өндірді. Қытай өнертапқыштары металдар технологиясында бірнеше жетістіктерге қол жеткізіп, жоғары температурадағы қыздыру пештеріне арналған коксты (қоспаларды алу үшін көмірді пісіру арқылы жасалған) қолданды. Сун армиясы темір сөрелері, қылыштар және қару-жарақтарды үлкен мөлшерде сатып алып, аспалы көпірлерге арналған тізбектер мен миллиондаған шегелер оңтүстіктегі кеме жасау өнеркәсібі үшін жөнелтілді.



Техникалық тапқырлық

XI және XII ғасырларда қытайлық өнертапқыштар мен инженерлер керемет шығармашылық ұшқырлықты көрсетіп, экономикалық өсім және мамандандыруға байланысты болғанымен түсіндіріледі. Техниктер бомбалар мен атыс қаруларын ойлап тауып, қарсыласқа үлкен зардап әкелмесе де, соғыстарда шу мен шатасуды жасау үшін қолданды. Ксилография басып шығару стандарты индустрияға айналып, кітаптар басып шығарылды, оның ішінде техникалық және ауылшаруашылық нұсқаулар кеңінен таралды.

Басқа өнертабыстар арасында магнит компасы, фарфорды шығаруға арналған жаңа техника, домна пештеріне арналған сумен жабдықталған сөрелер және жібек жіптерді жасау үшін айналдыру дөңгелектері болды. Осы өнертабыстардың көп бөлігі кейінгі ғасырларда Афроеуразияға таралды.

Сонымен қатар бұл кезеңде астрономия, химия, математика және басқа да ғылыми салалардағы жетістіктер байқалды. Қытайлар орталық мұсылман елдеріндегі әріптестері сияқты, үнділік сан жүйесін тоғыз цифрмен белгілеп, сондай-ақ, «0» деп жазылатын нөлден бастады. Математиктер мен инженерлер өздерінің білімін негізінен жерді зерттеу және құрылыс жобалары сияқты практикалық мәселелерге бағыттады. Үкімет Конфуцийлік философиялық және әдеби мәтіндерді зерттеуге арналған академияларды құруға шақырды. Дегенмен ғылым бұл колледждерден тыс жерлерде де дамыды. Ғалымдар бір-бірімен хатпен және басылған мәтіндер арқылы хабарласты.

Халықтың өсуі

Росс Данн мен Лора Митчеллдің сипаттаған экономикалық өсім элементтері азық-түлік өнімдерін өндірудің кеңейтуге байланысты халық санының өсуіне әкелді. 750-ден 1300-ге дейінгі аралықта Қытай халқының саны 120 миллионға жетіп, әлем халқының үштен бірін құрады. Қытай аумағындағы солтүстік пен оңтүстіктегі демографиялық өсім орталығы ретінде орындарын ауыстырды. 750 ж. халықтың шамамен 60%-ы солтүстікте өмір сүрсе, 1200 ж. қарай шамамен 75%-ы Янцзы аңғарында немесе оңтүстігінде орналасты.

Тұрғындарға дүкендер, жәрмеңкелер, қоймалар мен ауылдық көшіп келушілерге арналған орындар салу үшін, ірі қалалар қорғаныс қабырғаларынан тыс жерлерге шығып кетті. Кайфын халқының саны 1100 жылы шамамен бір миллионға дейін өсіп, әлемдегі ең ірі қалаға айналды. Ханчжоу, Янцзы дельтасындағы Оңтүстік Сун әулетінің астанасы миллион белгісіне келесі ғасырда жетсе керек. Оңтүстік жағалау порттары ұқсас түрде гүлденді. Цюаньчжоу және оның маңындағы тұрғындары шамамен 500 мың адамға жетті.

Бай және кедей, қуатты және әлсіз

Жалпы алғанда, Сун дәуірінде Қытайдың барлық дәстүрлі әлеуметтік таптары – ғалымдар, қолөнершілер, фермерлер мен саудагерлер үшін өмір сүру деңгейі көтерілді. Фермерлік отбасылардың көпшілігі жерді жекеменшікте иеленді. Еуропалықтарға қарағанда, олар өздерінің мүлкін сатуға, оны өз балаларына мұра етіп қалдыруға және нарыққа дақылдарды қосымша бағамен сатуға мүмкіндігі болды.

Дегенмен тәуелсіз фермерлер ақша-несие берушілерге қарыздар болып, үлкен қалалар жұмыссыз ауылдық көшіп-қонушылармен толды. Элитаға жатпаса да, саудагерлер үлкен байлықты жинауға мүмкіндіктері болды. Алайда Конфуцийлік бюрократтар мен жерге иелері бедел мен билік арқылы саудагерлерге басымдылық танытты.

Экономикалық өзгерістер жылдамдығы ерлер мен әйелдер арасындағы әлеуметтік қатынастарды едәуір өзгертті. Отбасылық шаруашылықтарда және шағын кәсіпорындарда аналар, әйелдер, қыздар ерлермен бірге жұмыс істеді. Әйелдер жергілікті нарықтарда тауарларды сатып, ал Сун заңдары олардың меншікке құқығын кеңейтті.



Кітаптардың қолжетімді болуына байланысты білімді отбасылардағы әйелдердің көпшілігі сауатты болды. Екінші жағынан, қалалар жас әйелдерге тоқал, ойын-сауықшы, жезөкше немесе үй жұмысшылары ретінде қызмет етуге нарық ұсынды. Заңнама бойынша бостандығы бар болғанымен, әдетте әйелдер осы жұмыстарды орындау үшін сатылып, сатып алынды. Коммерциализация кейбір әйелдер үшін мүмкіндік әкелсе, басқаларға қиындықтар, қауіп-қатерлер және үмітсіздік тудырды.

Сонымен қатар, Конфуцийлік көшбасшылар тез әлеуметтік өзгерістерге қарсы тұрып, әйелдер үйде болуын талап етті. Ер адамдар әйелдердің кішкентай аяғы мен тербелме жүріс әйелдерде тартымды және стильді деп санады.

Отбасылар жас қыздарға өздерінің аяқтарын байлап, өскенде оларды сындырып, қалаған нәтижеге жеткізді. Патриархалдық басымдықтың бұл экстремалды түрі сәнге айналды. Аяқтары байланған жас әйелдер ғана жақсы неке құруға үміттен алды. Бұл тәжірибе жоғарғы таптан әлеуметтік санат бойынша төмен қарай таралды. Төменгі әлеуметтік таптардағы қыздар ғана қалыпты аяқтармен өсетіні күтілетін.

Өзгеріс кезеңіндегі Қытайды басқару

Тан хандарының билеу жылдарында аймақтық әскерлер қолбасшылары елеулі тәуелсіз күшті жинап алды.

«Панорама» кітабының мәліметтері бойынша, Сун әулетін негізін қалаушы – Чжао Куаньинь өзі әскери адам болғанымен, үкіметті басқаруда азаматтық билеуді орнатып, армияны одан алыс ұстаудың маңыздылығын түсінді. Демек Конфуций идеалдарын қорғайтын және ағартушылық мемлекеттік аппаратты қолдайтын ғалым-бюрократияның дәстүрлі элиталық тап оны қатты қолдады.

Ескі Қытай сөзінде жазылғандай: «Ең жақсы темір шегелер үшін пайдаланылмайды, ал ең жақсы ер адамдар сарбаздар ретінде қолданылмайды». Солтүстік және Оңтүстік Сун әулеттері өздерінің шегараларын қорғау үшін үлкен әскерді ұстағанымен, азаматтық көшбасшылар ықтимал қарсылық танытқан әскери офицерлерді қатаң тәртіпте сақтады.

Сынақтан өту. Сун әулеті заңы бойынша мемлекеттік қызметке кіру үшін, ақсүйек отбасына мүшелік емес, мемлекеттік емтихандарда академиялық жетістікке қол жеткізу қажет болды.

Емтихандар конфуциандық классика мен әдеби мәтіндерді білетін, бухгалтерлік немесе басқару дағдылары емес, империялық істерді оқып, жаза алатын және ойлайтын адамдарға сенімділік білдірді.

Осылайша Қытай мемлекеті меритократияны дамытты. Алайда тестілеуге дайындалу ұзақ және қымбат жаттығуды талап етіп, емтиханға қатысушылардың барлығы бай отбасылардың қолдауына ие болды.

Бұдан басқа, бюрократиялық лауазымдарға ие болған адамдардың ер адам туыстары мемлекеттік қызметтің төменгі деңгейіне ие болу үшін біраз жеңілдетілген емтихан тапсыру артықшылығына ие болуы мүмкін болды. Мемлекеттік қызмет жүйесі империялық мемлекетті басқарған мыңдаған бюрократтардың ортақ мәдениеті мен дүниетанымына ықпал етті. Дегенмен бұл бюрократияда фракциялық пікірталастар көбінесе экономика мен саясатқа қатысты болды.

Нео-конфуциандық

Сун интеллигенциясы Қытайдың негізгі сенім жүйелеріне жаңа ой-пікірлер енгізді. Үндістаннан әкелінген, бірақ, қытайлық өмірге бейімделген даоизм қоғамды жоғарыдан төменге дейін енгізілді. Буддалық монастырлар мен ғибадатханалар үлкен жер телімдеріне және саяси әсеріне ие болып, көбінесе ауылшаруашылығынан және саудадан салықсыз байлық жинауға мүмкіндігі болды. Көпшілік арасында буддистік және даоистік дәстүрлер бір-бірімен шатасып, екеуі де жергілікті құдайлардың және отбасылардың ата-бабаларын сыйлады. Сун қоғамында екі дәстүр де Конфуциандық ілімдерге жақсы әрекеттесті.



Конфуциандық зиялы қауым бірнеше ғасырдан астам уақыт бойы буддистік және даоистік идеяларды өз моральдық және этикалық жүйелеріне, соның ішінде медитация, жануарлар өміріне құрметпен қарау және өмірдің мағынасына метафизикалық зерттеуді өзіне сіңірді.

XII және XIII ғасырларда инновациялық ойшылдар Конфуций, Буддист және Даоист ілімдері біріктіріліп, Нео-Конфуцианизм деп аталатын жаңа ілімді қалыптастырды. Коммерциализациямен бірге күштеп келе жатқан қоғамдағы қауіп-қатерлер мен белгісіздік, сондай-ақ, солтүстік Қытайды «варварлық» басқыншыларға жоғалту Конфуций идеалдарына жаңа көзқарасты қалыптастыру қажеттелігін тудырды. Зиялы қауым, әсіресе, тамаша философ Чжу Си (1130–1200) Конфуций мен оның ертедегі шәкірттерінің іргелі ілімдеріне қайта оралуға шақырды.

Бұл оған моральдық тұрғыдан, тәртіпті күнделікті рәсімді, иерархияны құрметтеуді және отбасылар мен жергілікті қоғамдастықтарды қолдауды білдірді. Тұрақты әлеуметтік тәртіп, оның ойынша, моральдық өзін-өзі жетілдіру негізінде құрылуы керек болды. Этикалық білім беру және қоғамдық қызмет көрсету империялық кеңсе мен байлықты іздестіруден басымдыққа ие болуы керек.

«Күн сайын, – деп жазды Чжу, – біз жақсаруға тырысуымыз керек, әлі білмейтін нәрселерімізді және жеткілікті жақсы емес нәрселерді жақсартуға үйренуіміз керек; осылайша, біз өзіміздің табиғатымызды жақсартамыз... Егер біздің күндеріміз осы жолмен жүрсе, онда үш жылда біз біраз прогреске қол жеткізген болар едік».

Нео-конфуциандық буддистік стильдегі метафизика мен ғарыш жайында теорияны дамуға жол беріп, Сун дәуірінің соңында қытайлық зиялылар табы Нео-Конфуцилік идеяларды толығымен игерді.

Қорытынды

Сайып келгенде, Қытайдың экономикасы XI және XIII ғасырлар арасында күрт өзгеріп, Афроеуразияның басқа бөліктеріне зор әсерін тигізді. Қытай даму стратегиясының негізгі факторлары ретінде қоғамдық қатынастағы ережелердің пайда болуы, ұстанған философия, ауылшаруашылығын дамытуға мүмкіндік берген жағдайлар мен арналар, қазу технологияларын атауға болады. Авторлардың баяндауынша Қытайдағы стратификация мен Еуропадағы тапқа бөлінудің айырмашылығы айтарлықтай болған. Қытайдағы дінге қарағанда философиялық көзқарастардың басым болуы оның қоғамдық сананы қалыптастыруға септігін тигізген. Ол, өз кезегінде, қоғамдағы жаңарған философиялық ұстанымдардың пайда болуына әкеліп, қазіргі күнге дейін процесті үстіндегі жағдайда екенін байқаймыз.